



Жоспары:

- Жас ерекшелік психологиясының пәні
- Жас ерекшелік пәніне үлес қосқан ғалымдар
- Зерттеу әдістері мен әдістемелері

Жас ереселік психологиясы 19 ғасырдың 2 жартысында дүниеге келген психология ғылымының бір саласы.

Жас ерекшеліктері психологиясы адамның бүкіл өмірі бойындағы психикалық қасиеттері мен тұлғасының даму үдерісін зерттейді.

Жас ерекшеліктері психологиясының психологияның басқа салаларынан басты айырмашылығы – даму қарқынына басым көңіл бөлінуі. Сондықтан оны *генетикалық* психология (грек тілінде «генезис» – шығу тегі, қалыптасу) деп атайды.



Жас ерекшелік психологиясының тармақтары:




Жас ерекшеліктері психологиясында әр психикалық қасиеттің даму үдерісі және әр түрлі жас кезеңдеріндегі қызметаралық байланыстардың өзгеруі қадағаланып отырады.

Өзін -өзі бағалау және талаптану деңгейі, құндылықты бағдарлар, дүниетаным және т.б. сияқты тұлғалық түзілімдердің баланың бойында қашан пайда болып, олардың белгілі бір жас кезеңіндегі ерекшеліктері қандай болатындығы туралы сұрақтарға жауап береді.

Педагогикалық және жас ерекшелігі ғылымында күрделі еңбектерімен байытқан белгілі психолог - ғалымдар: Б.Г. Ананьев, Л. И. Божович, П.Я. Гальперин, В.В. Давыдов, Л. В. Занков, Г.С. Костюк, т.б. нәтижелі зерттеп келеді.





19 ғасырдың екінші жартысы барлық ғылымдар саласы үшін күрделі жаңалықтарға толы болды. Бұл жас ерекшелік психологиясына да айтарлықтай әсер еткен болатын. соның бірі Ч.Дарвиннің “эволюциялық теориясы”. Дарвин өз ілімі арқылы осы уақытқа дейін адам мен жануарды анатомиялық, физиологиялық және психологиялық тұрғыда өзара сиыспайтын 2 үлкен топқа бөліп қарастырып келген бағыттар арасында ғылыми негізделген көпір орнатты.



Гальперин ақыл-ой әрекеттерін қалыптастыру теориясын ұсынды, Гальпериннің пікірінше ақыл-ой әрекеттерін қалыптастыру процесі 5 сатыдан тұрады. Гальпериннің бұл еңбегі педагогикалық психологияда, ересектерді оқыту психологиясында, педагогикалық төмендеп кеткен балаларды, интеллектің дамуын психодиагностикалауда кең өрісте қолданылады. Сол сияқты бағыттарға арналған. Негізгі еңбектері: “Әрекеттің ақыл ойлылығы және ғылым пәні”(1974), “Психологияға кіріспе”(1976).

Педагогикалық –психологиялық мәліметтеді алудың ерекше бір түрі **егіздер әдісі** деп аталатын әдіс. Оның мәні бір жұмыртқадан өрбіген егіздердің психикалық дамуын бақылаулар мен эксперимент жағдайларында салыстырып көру. Бұл олардың тұқым қуалаушылық қорының бірдейлігін еске ұстай отырып, орта мен тәрбие ықпалынан болатын бір қатар факторлардың әдістерін ажратуға мүмкіндік береді.



